

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-38-2025
		29.08.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 1 - 7

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ РЕКТОРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ
ҚАБЫЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Алматы
2025 ж.**

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҰРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-38-2025
		29.08.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 2 - 7

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Қабылдауға құқығы бар тұлғалар	3
3. Азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру	4
4. Қабылдауды өткізу тәртібу	4
5. Фото-, аудио- және бейне түсіру	4-5
6. Қабылдауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері	5
7. Қабылдауды тоқтатудың негіздері	5
8. Қорытынды ережелер	5

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-38-2025
		29.08.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 3 - 7

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы
«29» тамызындағы шешімімен
Хаттама №1 «**БЕКІТІЛГЕН**»



1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Академия) ректорының азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді.

1.2. Азаматтарды қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік және өзге де ұйымдарға жүгіну құқығын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

1.3. Азаматтарды қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Академияның ішкі нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Қабылдауға құқығы бар тұлғалар

2.1. Қабылдауға келесі тұлғалар жазыла алады:

- Академияның білім алушылары;
- Академия жұмыскерлері;
- білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері);

Академия құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзге де азаматтар.

2.2. Азаматтардың өкілдері өз өкілеттіктерін растайтын құжаттар болған жағдайда қабылдауға қатысады.

2.3. Қабылдау ректор айқындаған жағдайларды қоспағанда, алдын ала жазылу бойынша жүзеге асырылады.

3. Азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру

3.1. Азаматтарды қабылдау бекітілген кестеге сәйкес белгіленген күндері мен уақытында жүргізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕҒ АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-38-2025
		29.08.2025ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	Бет 4 - 7

3.2. Қабылдау кестесі Академияның ресми интернет-ресурсында орналастыру және (немесе) танысу үшін қолжетімді орындарда жариялау арқылы азаматтардың назарына жеткізіледі.

3.3. Қабылдауға жазылу ректор аппараты қызметінің бас әкімшісі арқылы жүзеге асырылады.

3.4. Қажет болған жағдайда қабылдау барысында қызметтік тіркеуді жүргізу үшін хатшы немесе Академияның уәкілетті қызметкері қатысуы мүмкін.

4. Қабылдауды өткізу тәртібу

4.1. Азаматтарды қабылдау Академияның қызметтік орында жүргізіледі.

4.2. Қабылдау барысында Академия басшылығының құзыретіне жататын мәселелер қаралады

4.3. Қабылдауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға азаматтан жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуды талап етуге құқылы.

4.4. Қабылдау қорытындысы бойынша өтініш:

• Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарауға қабылдануы;

• тиісті құрылымдық бөлімшеге жолдануы;

• ауызша түрде түсіндірме берілуі;

• белгіленген тәртіппен жазбаша түрде рәсімделуі мүмкін.

4.5. Жеке қабылдау барысында қабылданған жазбаша өтініштер Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен қаралады.

5. Фото-, аудио- және бейне түсіру

5.1. Азаматтарды қабылдау кезінде фото, аудио және бейне түсіру ректордың (қабылдауды жүргізетін лауазымды тұлғаның) алдын ала келісімінсіз, сондай-ақ қабылдауға қатысатын барлық тұлғалардың келісімінсіз тыйым салынады.

5.2. Түсірілімге келісім ауызша немесе жазбаша түрде беріліп, жазбаны пайдалану шарттарын қамтуы мүмкін.

5.3. Ректордың және басқа қатысушылардың жазбаша келісімінсіз қабылдау барысының фото, аудио және бейне жазбаларын жариялау, тарату немесе үшінші тұлғаларға беру Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасына сәйкес тыйым салынады.

5.4. Осы тармақ талаптарының бұзылуы жағдайында ректор (лауазымды тұлға) мыналарды жасауға құқылы:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-38-2025
		29.08.2025ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 5 - 7

- түсірілімді дереу тоқтатуды талап ету;
- азаматты қабылдауды тоқтату.

6. Қабылдауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Азаматтардың міндеттері:

- қабылдау жүргізу тәртібін сақтау;
- іскерлік этика нормаларын бұзбау;
- лауазымды тұлғалардың заңды талаптарын орындау.

6.2 Азаматтардың құқықтары:

- өтінішті ауызша немесе жазбаша түрде баяндау;
- қойылған мәселе бойынша түсініктеме алу;
- заңда белгіленген тәртіппен өтініш беру;
- лауазымды тұлғалардың әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңда белгіленген тәртіппен шағымдану.

6.3. Қабылдау барысында алынған ақпарат пен дербес деректер қорғалуға жатады және тек өтінішті қарау мақсатында қолданылады.

6.4. Академия мүгедектігі бар азаматтарды олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып қабылдауға мүмкіндік қамтамасыз етеді.

7. Қабылдауды тоқтатудың негіздері

7.1. Азаматты қабылдау келесі жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- осы Ереженің талаптарын орындаудан бас тартқан жағдайда;
- рұқсат етілмеген фото, аудио немесе бейне түсірілім жүргізген жағдайда;
- қорлаушы, агрессивті немесе провокациялық мінез-құлық көрсеткен жағдайда.

7.2. Қабылдауды тоқтату фактісі қажет болған жағдайда хаттама түрінде рәсімделеді.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереже Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

8.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ғылыми кеңестің шешімімен енгізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-38-2025
		29.08.2025ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	Бет 6 - 7

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Ректор аппаратының басшысы		Скаков Е.Ж.
Келісілді:		
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Құжаттармен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Мухаметали А.О.
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-38-2025
		29.08.2025ж.
	Ереже нормативтік құжаттың түрі	Бет 7 - 7

Танысу парағы

№	Бөлімше	А.Ж.Т.	Күні	Қолы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				